



Атқарылған іс-шара бойынша анықтама

29.09.2022ж. Есіл аудандық ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция капитаны А.Д.Мадмарова мектебіміздің 4-сынып оқушыларына «Жолда жүру ережелері» бойынша дәріс оқыды. Дәрістен балалар келесі ережелерді естеріне қайта түсірді:


1. Тек жаяу жүргіншілерге арналған жолмен ғана жүру керек;
2. Көшені ескерту немесе «жаяу жүргіншілер өтпелі» деген арнайы белгі тұрған жермен ғана қиып өту керек. Ал ондай белгілер жоқ болған жағдайда, жүргіншілерге арналған жол бойымен қиылысқан жерден кесіп өту керек;
3. Көшеден өтетін кезде алдымен – солға, ал ортасына келгенде оң жаққа қарау керек;
4. Жакын келе жатқан көліктің алдын кесіп өтпеу керек, т.б.

Кездесу соңында оқушылар полиция капитаны А.Д.Мадмароваға сұрақтар қойып, өздерін толғандырған мәселелерге жауап ала алды.




05.10.2022ж. Есіл аудандық ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция капитаны Ахметова Гүлмира Кайыржановна мектебіміздің 2 және 3-сынып оқушыларына, яғни әр параллельден сегіз сыныптан, «Көшеде және жолда жүріп тұру ережесі» бойынша бейне роликтерін көрсетіп, интерактив жүргізді (бейне роликке байланысты сұрақ-жауап және флешмоб).

2-сыныптар:



3-сыныптар:



"ПЕШЕХОДНЫЙ ПЕРЕХОД" акциясы

20.10.2022 10.00де "ПЕШЕХОДНЫЙ ПЕРЕХОД" акциясы бойынша жол патрульдік полиция қызметкерлері келіп, бастауыштың 1 «Б» сынып оқушыларына КЕРЕЙ-ЖӘНІБЕК көшелердегі бағдаршамға апарып, жолдан өту, жүру ережелерін тәжірибеде көрсетіп, түсіндірме жұмысын жүргізді.

